


# I. Интернетті бұғаттаудың 2022 жылғы көрсеткіші: жаһандық шолу

## 2022 жылғы деректер

Интернетті бұғаттаудың құжатталған деректері жылдарға шаққанда\*

■ Бұғаттаудың жалпы саны  
□ Бұғаттаудың Үндістанды қоспағандағы жалпы саны



\*Бұл сандар осы баяндама жарияланған сәттегі қолда бар ең кейінгі деректерді және алдыңғы жылдардың жаңартылған деректерін қамтиды

## Интернет бұғатталған елдер саны



Үндістан: 84

Украина: 22\*\*

Иран: 18

Мьянма: 7

Бангладеш: 6

Иордания: 4

Ливия: 4

Судан: 4

Түркіменстан: 4

Ауғанстан: 2 Буркина-Фасо: 2 Куба: 2  
Қазақстан: 2 Ресей: 2 Сьерра-Леоне: 2  
Тәжікстан: 2 Өзбекстан: 2

Алжир: 1 Армения: 1 Әзербайжан: 1  
Бразилия: 1 Қытай: 1 Эфиопия: 1 Ирак: 1  
Нигерия: 1 Оман: 1 Пәкістан: 1 Сомалиленд: 1  
Шри Ланка: 1 Сирия: 1 Тунис: 1 Түркия: 1  
Уганда: 1 Йемен: 1\*\* Зимбабве: 1

\*\*Украина мен Йеменде қарулы қақтығыс кезінде интернетті сыртқы күштер бұғаттаған.

## 2022 жылғы интернетті бұғаттау триггерлері

### Наразылықтар

Интернетті бұғаттаудың 16 мемлекеттегі 62 жағдайы наразылық кезінде болған

### Емтихандар

6 мемлекеттегі 8 жағдайда интернет «емтиханға қатысушыларға көшіруге мүмкіндік бермес үшін» бұғатталған

### Белсенді шиеленістер

33 жағдай белсенді шиеленістер кезінде болған

### Сайлаулар

5 мемлекеттегі 5 жағдайда интернет сайлауға байланысты бұғатталған

## Интернетті бұғаттаудың 2022 жылғы тенденциялары

### 1. Интернетті бұғаттау саны артқан сайын адам құқықтарының бұзылуы\*\*\* мен зорлық-зомбылық өрши береді.

→ Интернетті бұғаттаудың 14 мемлекеттегі 48 дерегі адам құқықтары бұзылуының құжатталған деректерімен тұспа-тұс келген:

Бангладеш, Эфиопия, Иран, Иордания, Қазақстан, Мьянма, Ресей, Сьерра Леоне, Сомалиленд, Судан, Тәжікстан, Өзбекстан және шиеленіс аймағы болып отырған Украина мен Йемен.

\*\*\* Адам құқықтарының бұзылу деректеріне дәлелденген зорлық-зомбылық, оның ішінде кісі өлтіру, азаптау, зорлау немесе билік, қарулы күштер, полиция не қауіпсіздік күштері тарапынан болған анық әскери қылмыстар жатады.

### 2. Интернетті бірнеше мәрте және ұзақ уақытқа бұғаттаған мемлекеттер

#### → 787+ күн

2022 жылдың аяғына қарай Тиграй, Эфиопия тұрғындары екі жылдан астам уақыт байланыстан толықтай ажырап, олардың көбі байланыссыз қалды.

→ Интернетті бұғаттаған 35 елдің 33-і 2016 жылдан бері рецидивист саналады

#### → 500+ күн

2022 жылғы наурызға қарай Мьянманың біршама аймағында адамдар 500+ күн байланыссыз қалды.

→ Бүкіл әлем бойынша интернет бұғаттаудың 16 дерегі 2021-2022 жылдар аралығында болды және қазір 16 жағдай 2022 жылдан 2023 жылға ұласты. 2020-2021 жылдар аралығында бұл көрсеткіш 8-ге тең болған.

### 3. Интернетті мақсатты түрде бұғаттау және оның зардабы


→ 2022 жылы 23 мемлекетте 28 сервистік бұғаттау дерегі болған:

Ауғанстан, Алжир, Армения, Әзербайжан, Бангладеш, Бразилия, Буркина-Фасо, Қытай, Үндістан, Иран, Иордания, Қазақстан, Нигерия, Оман, Ресей, Шри-Ланка, Тунис, Түркия, Түркіменстан, Уганда, Украина (Ресей әскерилері кесірінен болған), Өзбекстан және Зимбабве.

→ Интернетті бұғаттаудың көп деңгейлі тактикасы + цензура + бақылау:

Иран: Мемлекет бойынша платформаларды бұғаттау + аймақтағы байланыс нүктелерінде комендант сағаты режимінде мобильді шектеу  
Мьянма: мобильді желілерді, VPN, хабарламаларды шифрлеу қолжетімділігін бұзу + адамдарды интернет-провайдерлердің мұқият бақыланатын әскери желілерін пайдалануға мәжбүрлеу  
Украина: Украина интернет провайдерлеріне кибершабуыл + оккупацияланған территорияларды Ресейдің қатаң цензура орнаған және бақылаудағы желілеріне мәжбүрлеп қосу амалдары

## Шығыс Еуропа және Орталық Азия 2022 жыл бойынша аймақтық шолу



Украинадағы интернетті бұғаттау деректерінің осынша проценті коммуникациялық инфрақұрылымға тікелей байланысты болды. Бұл интернетті бұғаттаудың **17** дерегін қамтиды.

### Украина: 22


Интернетті бұғаттау деректерінің бәрін басқыншылық кезінде Ресей жүзеге асырған

### Армения: 1

Интернетті бұғаттаудың алғашқы дерегі тіркелді

Түркіменстан: 4 Қазақстан: 2 Ресей: 2  
Тәжікстан: 2 Өзбекстан: 2 Әзербайжан: 1

### Аймақта интернетті бұғаттаудың топ 3 триггері



Шығыс Еуропа мен Орталық Азия елдері авторитаризмге терең бойлаған сайын, интернетті бұғаттау және цензура наразылық пен сайлау кезінде кең қолданылып жатыр.<sup>1</sup> Аймақтағы шиеленіс пен дағдарыс кезінде, Ресейдің Украинаға басқыншылығынан бастап Орталық Азия бойынша биліктің наразылықтарды қатаң басып-жаншуына дейінгі жағдайларда билік интернетті бұғаттау шарасын адамдарды ақпаратсыз ұстау және адам құқықтарын бұзып, жазасыз қалу құралы ретінде қолданған.

### Орталық Азия

Бүкіл Орталық Азия бойынша наразылықтар кезінде билік өзгеше ойлайтындардың үнін

шығармауға және биліктің әрекеттерін жасыруға тырысты, интернетті бұғаттап, адамдардың сөз бостандығы мен ақпаратқа қол жеткізу құқығын шектеді.<sup>2</sup> Оның салдары ауыр болып, халық азық-түлік, денсаулық сақтау, білім алу және өмір үшін маңызды ақпарат алу мүмкіндігінен айырылды.<sup>3</sup>


2022 жылғы қаңтарда қазақстандықтар бір апта бойы газ бағасының өсуіне байланысты болған наразылықтар үшін интернетке қол жеткізе алған жоқ. Полиция мен қауіпсіздік қызметтерінің наразыларды қатаң басып-жаншуы жүздеген адамның өлімі мен мыңдаған адамның қамауға алынуына алып келді. Қазақстан билігінің интернетті бұғаттауы миллиондаған адамды ақпаратсыз қалдырды, бұл қолма-қол ақша мен

<sup>1</sup> Access Now (2022). *Digital dictatorship: authoritarian tactics and resistance in Eastern Europe and Central Asia*. Retrieved February 19, 2023, from <https://www.accessnow.org/digital-dictatorship-and-resistance-in-eastern-europe-and-central-asia/>.

<sup>2</sup> *Ibid.*

<sup>3</sup> Access Now (2022). *In Central Asia, internet shutdowns are harming all kinds of rights*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.accessnow.org/central-asia-internet-shutdowns-harm-rights/>.

## Интернетті бұғаттау ықпалының мысалы: Тәжікстан



“Өзім туып-өскен Хорогта екі дәріханам болған. Біз ауруханалар мен жеке тұлғаларға дәрі-дәрмектер мен медициналық құралдар жеткізетінбіз. Бұл бизнесте интернет маңызды рөл атқарады, себебі аударым, жеткізушілермен есептесу, салық төлеу, негізінен бизнесті бақылау интернет арқылы қашықтан жүзеге асырылады.

Бірақ Тәжікстан билігі Хорогтағы наразылықтарды басу үшін интернетті төрт айға өшіргенде, мен үшін және менің бизнесім үшін бәрі өзгерді. Кәсібім қатты зардап шекті, себебі біз тиімді жұмыс істей алмай қалдық. Қызметкерлерді жұмыстан шығаруға және ақыр соңында бизнесті жабуға мәжбүр болдым. 15 мың доллардан астам шығырға ұшырадым.”

Хорог қаласындағы кәсіпкер

Photo: [Kondephy](#)

азық-түліктің жетіспеуіне алып келді, себебі мобильді төлем қызметтері жұмыс істемей, банкоматтар істен шықты.<sup>4</sup>

Өзбек және тәжік билігі де Қарақалпақстан<sup>5</sup> мен Таулы Бадахшан<sup>6</sup> автономды облысындағы наразылықтар кезінде репрессия көрсетіп, интернетті бұғаттады. Бұл қарақалпақ және памирлік секілді этникалық маргинал топтарға ауыр зардабын тигізді.

Түркіменстан<sup>7</sup> мен Өзбекстан билігі<sup>8</sup> коммуникация платформаларын бұғаттады — кейінгі бірнеше жылда олар бұл тактиканы ақпаратты бақылап, өзгеше ойлайтындарды басып-жаншу үшін веб-сайттар мен VPN жүйесін шектеу кезінде жиі пайдаланып жүр.

## // Ресейдің Украинаға басқыншылығы

2022 жылғы ақпанда басталған Ресейдің Украинаға басқыншылығы кезінде Ресей әскерилері Украина қалалары мен облыстарында кибершабуыл, әуеден атқылау және телекоммуникация инфрақұрылымдарын әдейі демонтаждау арқылы интернетті **22** рет бұғаттады.<sup>9</sup>

Ресей Украина бойынша азаматтық инфрақұрылымдарға жүйелі түрде шабуыл жасап, Украинаның оккупацияланған қалалардан Ресей әскерін шығаруы кезінде халықтың басқыншылыққа қарсы тұруын тоқтатуға, ақпарат ағынын азайтуға және халыққа зардабын тигізуге тырысты. Украинада тіркелген интернетті бұғаттаудың **22** жағдайының кемінде **12** -сі адам құқықтары бұзылуының құжатталған деректерімен қатар жүрді. Электр жарығының, судың және азық-түліктің болмауы мен бейбіт

<sup>4</sup> Access Now (2022). *Timeline: Kazakhstan internet shutdowns aim to crush protests, hide state violence*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.accessnow.org/kazakhstan-internet-shutdowns-protests-almaty-timeline-whats-happening/>.

<sup>5</sup> Access Now (2022). *Uzbekistan region in information vacuum, authorities must #KeepItOn*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.accessnow.org/uzbekistan-information-vacuum-keepiton/>.

<sup>6</sup> The Diplomat (2022). *Tajikistan Lifts Internet Block on GBAO. What's Next?* Retrieved February 18, 2023, from <https://thediplomat.com/2022/06/tajikistan-lifts-internet-block-on-gbao-whats-next/>.

<sup>7</sup> Access Now (2021). *What Turkmenistan internet shutdowns tell us about digital repression in Central Asia*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.accessnow.org/turkmenistan-internet-shutdowns/>.

<sup>8</sup> The Diplomat (2022). *Uzbekistan Unblocks Twitter, TikTok Still Restricted*. Retrieved February 18, 2023, from <https://thediplomat.com/2022/08/uzbekistan-unblocks-twitter-tiktok-still-restricted/>.

<sup>9</sup> Access Now (2022). *#KeepItOn: Who is shutting down the internet in Ukraine?* Retrieved February 22, 2023, from <https://www.accessnow.org/who-is-shutting-down-the-internet-in-ukraine/>.

тұрғындарды<sup>10</sup> аяусыз өлтіру басқыншылық кезінде байланыстың болмауы мен интернеттің өшуі секілді жағдайлармен бірге үйреншікті жағдайға айналды. Оған жауап ретінде Украина адамдардың жылынып, тамақ ішіп, гаджеттерін қуаттап, интернетке қосылуына мүмкіндік беретін 4000 «жеңілмейтін орталық» құрды.<sup>11</sup> Сондай-ақ билік интернет провайдерлерден электр энергиясы болмай қалған жағдайда кемінде үш күнде желіде қалуға мүмкіндік беру үшін аккумуляторлардың, генераторлар мен күн панельдерінің жеткілікті болуын талап етті.<sup>12</sup>

Ресей Украина жерінің көп бөлігін басқыншылық жасау үшін плацдарм ретінде пайдалануға тырысқан, басында оккупацияланған Херсон ауданында Ресей күштері жүйелі түрде Украина телекоммуникация қызметтерін ресейлік желілермен ығыстыруға, трафикті басқа жаққа бағыттап, тіпті, Қырымда жаңа оптикалық-талшықты кабельдер салуға тырысты.<sup>13</sup> Бұл әрекеттер украиндардың байланысқа қосылуын айтарлықтай қиындатты, ал Ресей байланысы қалпына келген жерлерде адамдарды Ресейдің цензура орнаған және қатаң бақыланатын интернетін қолдануға мәжбүрледі.<sup>14</sup> Украина Ресей әрекеттеріне қарсы тұрды: Украина қызмет ұсынушылары Ресейдің олардың жабдықтарына қол жеткізуінен қорғады, ал Украина арнайы қызметі жуырда салынған оптикалық-талшықты кабельдерін үзді.<sup>15</sup> Бұл теке тірес аясындағы маңызды іс-әрекет болғанына қарамастан, телекоммуникация инфрақұрылымын бақылаудағы тартыс Украина халқының интернет байланысын ушықтырды.

Сонымен қатар Ресей билігі ел ішінде де өзгеше ойлайтындарды басып-жаншу және басқыншылыққа қатысты өзінің нарративін таңу үшін интернетті екі рет бұғаттады — Twitter, Facebook және Instagram желілерін шектеді.<sup>16</sup> TikTok Ресейдің платформалар қысымына жауап ретінде елдегі сервистеріне қол жеткізуді қатаң шектеуге байланысты шаралар қабылдады.<sup>17</sup> Әлем бойынша мемлекеттер Украинаны қолдап, Ресейге қарсы санкциялар салды, олардың кейбірі техникалық қызметтерге бағытталды, сонымен қатар басқалары жалпы шектеулер болды, олар Ресей ішінде жаһандық интернетке қол жеткізуді қолдайтын қызметтерге қатысты қолданылған. АҚШ пен Ұлыбритания Ресейдегі құқық қорғаушылар, журналистер мен миллиондаған адам халықаралық қауымдастықпен байланыста болуы үшін, сенімді ақпаратқа қол жеткізіп, өзінің қарсылығын білдіруі үшін азаматтық қоғамның шектеулерге қатысты бастамаларына жылдам реакция білдірді.<sup>18</sup>

## // Армения-Әзербайжан арасындағы жер дауы

2021 жылдан бастап Армения мен Әзербайжан арасында даулы жерге байланысты әскери шиеленіс күшейгенде, екі мемлекет те интернетті бұғаттап, ақпаратты бақылаудың басқа да жолдарына жүгінді. 2022 жылғы 14 қыркүйекте болған Әзербайжанның әскери басқыншылығынан бірнеше күннен соң екі

<sup>10</sup> Human Rights Watch (2022). *Ukraine: Mariupol Residents Trapped by Russian Assault*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.hrw.org/news/2022/03/07/ukraine-mariupol-residents-trapped-russian-assault>.

<sup>11</sup> The Kyiv Independent (2022). *People seek relief at 'invincibility centers' amid long power outages*. Retrieved February 18, 2023, from <https://kyivindependent.com/news-feed/people-come-to-invincibility-centers-in-kyiv-amid-long-power-outages>.

<sup>12</sup> *Ibid.*

<sup>13</sup> The New York Times (2022). *How Russia Took Over Ukraine's Internet in Occupied Territories*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.nytimes.com/interactive/2022/08/09/technology/ukraine-internet-russia-censorship.html>.

<sup>14</sup> See *supra* note 9.

<sup>15</sup> Liga.net (2022). *Интерв'ю | Росія – законна ціль. Голова Держспецзв 'язку Юрій Шчиголь про санкції та невдалі кібератаки РФ [Interview] Russia is a legitimate target. Head of the State Special Forces Yuriy Shchygol on sanctions and failed cyberattacks of the Russian Federation*. Retrieved February 18, 2023, from <https://tech.liga.net/ua/ukraine/interview/glava-gosspetsssvyazi-yuriy-schigol-o-svyazi-v-hersone-tehnosanktsiyah-i-starlink-v-poezdah>.

<sup>16</sup> Access Now (2022). *Updates: Digital rights in the Russia-Ukraine conflict*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.accessnow.org/digital-rights-ukraine-russia-conflict/>.

<sup>17</sup> Coda Story (2022). *A Russian user looks inside TikTok's propaganda-filled digital bubble*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.codastory.com/newsletters/russia-tiktok-propaganda/>.

<sup>18</sup> Access Now (2022). *UK protects free flow of information amidst Russia sanctions*. Retrieved February 22, 2023, from <https://www.accessnow.org/uk-information-russia-sanctions/>; Access Now (2022). *U.S. moves to keep the Russian people connected despite sanctions*. Retrieved February 22, 2023, from <https://www.accessnow.org/u-s-treasury-russia-sanctions-internet/>.

## ИНТЕРНЕТТИ БҰҒАТТАУДЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШІ

ел билігі TikTok желісін бұғаттады, осылайша **тарихта алғаш рет Арменияның платформаны әдейі бұғаттаған жағдайы тіркелді.<sup>19</sup>**

---

<sup>19</sup> Access Now (2022). *Turn TikTok on: authorities in Azerbaijan and Armenia must not restrict access*. Retrieved February 18, 2023, from <https://www.accessnow.org/tiktok-azerbaijan-armenia/>.

#KeepItOn науқаны интернетті бұғаттауды тоқтату мақсатында жаһандық ұйымдар мен әрекеттерін біріктіреді және ұйымдастырады. Науқанды 2016 жылы Силикон алқабындағы RightsCon-дағы 70-ке жуық ұйымнан тұратын коалиция бастады. Содан бері коалицияға мүше болғандар жылдам артып, 105 елден 300-ден астам мүшеге жетті. Олардың арасында азаматтық қоғам өкілдері, құқық қорғаушылар мен құқық қорғау топтары, зерттеу орталықтары, қорлар мен медиа ұйымдар да бар.

Бұл баяндаманы Access Now арнайы #KeepItOn коалициясы үшін жасады және оны Зак Россон, Фелисия Антонио мен Кэролайн Тэккет Access Now командасымен серіктесе отырып жазды.

Авторлар осы еңбекке үлес қосқаны үшін Сейдж Чең, Донна Вентворт, Марва Фатафта, Раман Джит Сингх Чима, Вай Фью Мьинт, Голда Бенджамин, Анастасия Жирмонт, Наталья Крапива, Анжела Аларкон, Бриджит Андере, Джи Ён Ким, Джейми Коконья, Намрата Махешвари, Петер Микек, Хассем Мнежа, Лаура О Брайан, Гаспар Писану, Агнерис Сампиери, Дхаву Сивапракасам, Четна Кумар, Алексиа Скок және Меган Катурға алғыс білдіреді. Data4Change, Software Freedom Law Centre India (SFLC.in), Yodet, Digitally Right, Miaan Group, Cloudflare, Internet Outage Detection and Analysis (IODA), Myanmar Internet Project, Athan, Kentik, Open Observatory of Network Interference (OONI) және #KeepItOn коалициясының басқа мүшелеріне құнды ақпарат пен тақырыпты зерттеуге идея, деректер шолуы мен дереккөздер бергені үшін және баяндамаға қатысқаны үшін рахмет айтады. Кез келген қате, бұрмалау не анық емес дерекке біз жауапкершілік аламыз және пікірлеріңізге ашықпыз.

Дизайн мен деректер визуалын жасаған Сейдж Чең.

## Деректер туралы ескерту

#KeepItOn осы баяндамада Access Now мен #KeepItOn коалициясы 2022 жылы құжаттаған интернеттің бұғатталу деректері қарастырылды. Біз жалпылама деректер базасын құруға тырысқанымызбен, деректер техникалық өлшеулерге, сонымен қатар жаңалықтар не жеке жазбалар секілді контекстуалды ақпаратқа негізделген. Біздің методологиямыздың шектеулі болуы интернетті бұғаттаудың хабарланбаған дерегі болуы мүмкін екенін және баяндама жарияланған соң жаңа ақпараттың шығуына орай өзгеретінін болжайды. Толығырақ оқу үшін <https://accessnow.org/keepiton-data-methodology> сілтемесіне өтіңіз.

# #KeepItOn

